



Жаңалықтар

Мемлекеттік қызмет - елдің мүддесіне адал еңбек



Ағымдағы жылдың 19 шілдесінде, Приозерск қаласы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі А.Исатаевтың төрағалығымен және Қарағанды облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Г.Қабдықаримованың қатысуымен қаланың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілері арасында семинар өтті.

Әдеп кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы сұрақтар қарастырылып, ұсыныстар берілді.



Семинар барысында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын және мемлекеттік қызметтегі өзге де заңнамалық нормаларды сақтауы туралы, мемлекеттік қызметшілердің



Семинардан кейін, Г.Қабдықаримова қала әкімі С.Сатаевпен атқарылып жатқан жұмыстарды талқылап, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыс жоспарымен бөлісті.

Приозерск қаласының әкімдігі

Кадрлық өзгерістер

«Приозерск қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ жаңа басшы

«Приозерск қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ жаңа басшы тағайындалды – Рахима Ахметова.

Еңбек жолын 1985 жылы бастаған. Қарағанды ішкі басқармасының 4-ші бөлімінің Мемлекеттік Кузет қызметінің бөлімінде кассир болып,

Приозерск қаласының №2 жалпы білім беретін орта мектебінің есепшісі болып қызмет атқарған.

2010 жылдан бастап 2018

жылға дейін «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас есепшісі болып жұмыс істеген.

2018 жылдан бастап осы лауазымға тағайындалғанға дейін «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры болып қызмет атқарған.

В ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» новый руководитель

На конкурсной основе Ахметова Рахима Есенамановна

Лучший товар Казахстана - 2022



15 июля, в Центре бокса им. С.Сапиева состоялся ежегодный конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана - 2022».

Участие в конкурсе принимали около 70 производителей со всей Карагандинской области. Главной целью ежегодного конкурса «Лучший товар Казахстана» является поддержка местных производителей, стимулирование их к повышению качества товаров и услуг, популяризация и продвижение отечественных брендов, создание стимула для развития производства в стране.

При содействии городского филиала Палаты предпринимателей от города Приозерск приняла участие мастерская при Центре интеллектуального развития детей «Balabi» под брендом Shynar_fashion. Shynar_fashion является местным товаропроизводителем города Приозерск по войлоковалению в области легкой промышленности.



Продукцию Shynar_fashion высоко оценил заместитель акима Карагандинской области Алпысов Ермак Амантаевич как перспективный проект в сфере креатива и продвижения национальных традиций и ценностей, а так же дал указание руководителю областного уполномоченного органа, совместно с МИО города Приозерск, оказать содействие предпринимателю в дальнейшем развитии данного проекта, в том числе путем предоставления грантов в рамках государственных программ.

Алтаева К.И.
директор Филиала в



назначена на должность руководителя ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск».

Трудовую деятельность начала в 1985 году. Работала кассиром в Отделе Государственной службы охраны при 4-ом отделе УВД Карагандинской области, бухгалтером в средней общеобразовательной школе №2 города Приозерск.

С 2010 года по 2018 год работала главным бухгалтером ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск».

С 2018 года до назначения на новую должность являлась директором КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск».



БАБАДАН – МҰРА

ҚЫС ҚАМЫНДЫ ЖАЗДА
ОЙЛА...

Жаз айының кеше ғана сияқты еді басталғаны, өне-міне дегеше жаздың шілінгір шілде айын да орталап қалыппыз. Не деген зымырап бара жатқан уақыт бұл?! Табиғат өзгерген бе, немесе ауа-райы ауысып кеткен бе, биылғы жаз айлары көбінесе желді, дауылды, кей жерлерде жауынды болып өтті десек артық айтқандық емес. Енді жұрт қыс қамын ойлап, жеміс-жидектен банклалар жабу науқанын бастап та кетті. Қала тұрғындары үшін бұдан өзге тірліктің өзі жоқ есебі. Ал біздің ата-бабаларымыздың өмірі жылдың төрт мезгілінде де еңбектен толстамаған. Олардың қарбаласқа толы жаз айларын қалай өткізгеніне бір сәт назар аударып көрелікші...

Жаз – көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз үшін қатал қыс сынынан өтіп, мал төлдеп, қарбалас тірлік кешетін көктем мезгілінен кейін, көші-қон тоқтап, төл аяқтанып ұзақ жайылымға жарайтын болған уақытта келетін мерекелі, той-томалаққа толы демалыс болып есептелген. Жайлауда шаруаның тіршілігі біршама жайланады, таза ауада, көк майсаның үстінде отырып дем алғанға не жетсін, айналаға көз жүгіртіп, табиғаттың қайталанбас сұлулығынан ләззат, қуат аласың, құстардың көңілді әнін тыңдайсың. Шөбі шүйгін жайлаудағы мәуелеген жүзген, гүл атқан қандым, қысы-жазы көгеріп тұратын қызылша, тағы да басқа ірі шөп өсімдіктердің ауаны кернеп кететін тәтті иісін жұтып, рахат тапқан қандай ғанибет! «Ексең егін – ішесің тегін» демекші, мал жай болса, шаруа да жай. Біздің халқымыз ежелден мал өсіріп, тіршілік еткен халық. Жері байтақ, шөбі шүйгін, шаруаға жайлы Қызылқұм даласын малсыз көзге елестету мүмкін емес.

Өріске қарай мамыражай өріп бара жатқан төрт түлік малға сырттай қараудың өзі керемет бір қуаныш. Ешкі-лақ тастан-тасқа секіріп, құрақ шөпті бырт-бырт үзіп, кең даланың сәнін келтіреді. Шаруасы саябырлаған шаруа жылдың бұл мезгілінде де тіршілік саябырлады деп қол қусырып қарап отырмайды. Үй тірлігімен шұғылдануға уақыты көбейген соң, үйдің, қора-қопсының кем-кетігін түгендеп, қолы ұзарып, жазда істеймін деп мезелеп жүрген жұмыстарын қаузаиды. Еңбексүйгіштігімен, тынымсыз тірлікпен ең даланың өзін көркем әлемге айналдырады. Шұбат, қымыздан нәр алып, денсаулықтарын нығайтады.

Бұл мезгілде сүт мол болғаны себепті, ісіне пысық шаруа мал сауып, сүт өнімдерін дайындайды. «Қойдың сүті қорғасын» демекші, мың дертке шипа болатын қойдың айранын айтпайсыз ба?! Қой сүтінен дайындалатын ірімшік, құрт, сары май, ақ ірімшік (сыр) т.б. мал сүті өнімдерінің тәттілігі татқанда тандайды жүлады. Көгендеп мал сауып, тайқазанда сүт қайнатып, сүт өнімдерін дайындап жатқан малды ауыл көрінісін көзге елестетіп көріңіз. Бұл жұмыстардың да өзіне сай қиындықтары, жалпы көпшілік біле бермейтін қыр-сырлары бар. Ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған бай тәжірибесінен хабары бар, мал шаруашылығын көсіп етіп, бабалар жолын жалғастырып келе жатқан шаруагерлер бұл істе

мүдірмейді. Әсіресе, әйел-қыздардың қолы қолына жұкпай, аса ептілікпен атқаратын істеріне тәнті боласың. Көшпелі өмір сүрген бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі мол екенін аңғарған шаруагерлеріміздің «Бұл тұнып тұрған байлық қой, мұны баршамыз білуге тиіспіз» деген ынтасына еріксіз сүйсінеміз. Ұлттық дәстүр, бабалар салтын құрмет ету, оны өмірде ең жайдыру, келешек ұрпаққа саф күйінде табыс ету – бабалар аманаты, бүгінгі тірлігіміздің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Қазір біз пайдаланып жүрген құрғақ сүтті бабаларымыз да пайдаланған. Мал шаруашылығының майын ішкен ата-бабаларымыз мұндай әдісті білген және керемет ұсталықпен пайдаланған. Оны мал сүті молайып, қозылары марқайғанда, еркін жайылып, отын алатын жаз айларында дайындайды екен. Қойдың жана сойылған терісін, жүнін сыпырып, әбден тазалайды.



Сонан кейін сүт құйылған тай қазанға салып, сүтпен бірге қайнатады. Қазандағы сүт азайса, үстіне тағы сүт құйып, қайната береді. Тері мен сүт бірге қайнаған соң, тері сүттің бар маңызын бойына сіңіріп, қалындай береді. Әбден қайнатылып болған соң, теріні қазаннан алып, көлеңкеде кептіреді. Тері кепкен соң қоржынға салып, кереге басына іліп қояды. Мұны көшпелі тұрмыс жасаған бабаларымыз мал сауылып, сүті азайғанда пайдаланады екен. Күзеу, әсіресе, қыс уақытында кішкене балалар сүт сұрап қыңқылдағанда, бір шетінен кішкене кесіп алып, қайнаған суға салса, сүт дап-дайын боп шығады. Төрт түлік малға, бабаларымызға құтты қоныс болған сайын дала, Сарыарқа мен Қызылқұм – біздің баға жетпес байлығымыз. Сайын далада табиғаттың төл баласындай еркін өсіп, дала заңын тұрмыс-тіршілігімен үйлестіре білген халқымыздың мыңдаған жыл жинаған іс-тәжірибелері – сарқылмас қазынамыз. Солай екен, халықтық іс-тәжірибелерге оң көзбен қарап, оны көз қарашығындай сақтай білуіміз керек. Бабалар аманаты ұрпақтан-ұрпаққа сонда ғана жетіп барады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
салт-дәстүр
зерттеуші.

АКТУАЛЬНО

Работа с неорганизованной и
NEET молодежью

В апреле-мае месяце текущего года с целью выявления молодого человека «NEET» категории и неорганизованной молодежи сотрудниками МРЦ был проведен адресный, точечный подомовой обход в городе Приозерск по 142 адресам. В ходе проведенных мероприятий в отношении NEET - молодежи 27 человек исключены из списка, так как достигли 29 летнего возраста. Вместе с тем по оставшимся в списке 115 человек был произведен подворовой обход. По результатам проведенной работы из списка «NEET» категории и неорганизованной молодежи исключено

78 человек. Из числа охваченной молодежи трудоустроены в экологический отряд «Экосарбаз», привлечены в проекты «Школа молодых предпринимателей», «English for Jastag», «Салауатты жас - Тәуелсіздік тірегі», семинар-тренинг «Мен дара тұлғамын», различные спортивные и культурно-массовые мероприятия.

Дальнейшие мероприятия будут осуществляться совместно с сотрудниками отдела полиции по установлению и идентификации 37 лиц.

*Отдел внутренней политики,
культуры и развития языков
города Приозерск*

Тапқырлығы мен таланты
ұштасқан ұжым

Приозёрск қаласының 66 жылдық мерейтойына орай қала мекемелері арасында өткізіліп жатқан «Жыл мекемесі» фестиваль - конкурсына ҚР ҚМ 44841 әскери бөлімі де белсенді түрде ат салысуда. Дүбірлі дода аясында Үмітәлі Серікұлы Бектаев басшылық ететін әскери бөлім қызметкерлері мен сарбаздары жоғары деңгейлі шығармашылық кеш ұйымдастырып, жиналған жұрттың ыстық ықыласы мен риясыз ризашығына бөленді.

Аталмыш кеш тізгінін сыр-сымбаттары келіскен қос жүргізуші – Бодыбаев Нұртуған мен Ондасын Бақберген өз қолдарына алса, шымылдығын құлақтан кіріп, бойды алған әсем әнімен Сәкен Жалғасбаев ашты. Концерттік бағдарламада 44841 әскери бөлім ұжымының өнерлі қызметкерлері мың бұралып би де биледі, Бердіқожа Қазыбек пен Шералиева Гүлмира сынды бөлім өнерпаздары әнсүйер қауымының жүрегіне жеткізіп ән де шырқады. Ал «нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» екендігін тағы бір мәрте дәлелдеген Мәди Гаубовтың күйі қалың көрерменнің көңілінен шығып, шығармашылық кешке ерекше шырай берді. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Отан қорғаушыларымыз өздерінің әншілік-күйшілік қасиеттерінен бөлек қалжыңнан да құр алақан емес екен-

діктерін көрсетіп, көрерменнің көңілін ұтымды әзілдерімен жаулап алды.




Әскери қызметкерлердің ел тыныштығының тірегі, бейбіт күннің кепілі ғана емес, өнер айдынында да еркін жүзе алатын, жан-жақты азаматтар екенінің айқын дәлелі іспеттес болған шығармашылық кеш «Жана ғасыр Қазақстан» әніне арнайы дайындалған хормен өз мәресіне жетіп, әділ-қазылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Әсерлі кештен рухани азық алып қайтқан жұрт 44841 әскери бөлімінің ұжымына айрықша алғыстарын айтып, дүбірлі додада жеңіске жетулеріне тілектестіктерін білдірді.

*44841 әскери бөлімінің
баспасөз қызметі*

Құрметті қала
тұрғындары!

“QORJYNTÜBEK JARŞYSY” газеті арқылы қалада атқарылып жатқан жұмыс тарға сын ескертпелер, арыз, шағымдарыңыз, ұсыныстарыңыз болса біздің электрондық поштамызға (Priogazeta@mail.ru) жазсаңыздар болады. Біз өз тарапымыздан жергілікті атқарушы органдармен аталған мәселелердің оң шешілуіне көмек көрсетеміз.



АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ!..

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АСА ҰЛЫ ИГІЛІГІ



Ананың ақ сүтімен, әкенің күші және тағлым-тәрбиесімен, сонау қадым замандардан тарихы мен тамырын тереңге тартып келген АНА ТІЛІМІЗ – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кендігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді дегенімізбен, бұның көбісі ауызекі және қағаз жүзінде ғана атүсті жасалып келгеніне сіздер де, біз де куәміз. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес, себебі ол тіл сол мемлекет несі болып отырған халықтың мүддесін шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни ол өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет. Тіл – мемлекеттің маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Түптеп келгенде, ол өңірдің, елдің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі де. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі, туы, Елтанбасы, Әнұраны сияқты рәмізі болып табылады. Ол – азаматтық патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншіліктің негізі бола отырып, ел азаматтарын біріктіретін күш. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйтқы, ұлт-

тық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу – халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдеп-ғұрпын және салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады. Басқаларға ұлттық мемлекет ретінде танылғанымен келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз керек. Тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны белгілі. Тілін жоғалтып, артынан өздері ұлт ретінде құрып кеткен халықтар қаншама. Біздің тіліміз ең ескі, тамыры тіптен тереңде жатқан тілдердің бірі. Мындаған жылдық тарихы бар сол тілді қайта жаңарту, оның қолдану аясын кеңейту, жүздеген жылдар бойы отаршылдықтың әсерінен бағы ашылмай келе жатқан қасиетті тілімізді отбасы, ошақ қасынан төрге шығару біздің, яғни қазақ тілі пәні мұғалімдерімен қатар барша ұстаздардың да, біздің «Балақай» бөбекжайы секілді балабақшалар да баланың тілін ұстартатын тәрбиешілердің де алдында тұрған үлкен міндет деп білеміз.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» - деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиісті. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күнін де көре алмайсың.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді жетік менгерген мамандар барлық салада толық қамтамасыз етілді деуге әлі ерте-рек. Қай тұлғаның болса да жұмысқа қабылданар алдында мемлекеттік тілді білуі және іс қағаздарымен жұмыс жасай алуы туралы мәселелер ескерілер болса, біршама атқарылар шаралар өзінің оң шешімін табатыны сөзсіз. Қай тұлғаның болса да жұмысқа қабылданар алдында мемлекеттік тілді білуі және іс қағаздарымен жұмыс жасай алуы туралы мәселелер ескерілер болса, біршама атқарылар шаралар өзінің оң шешімін табатыны сөзсіз. Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметте бірлі-жарым кісі ғана емес, барлық адам білуге міндетті. Мемлекеттік тілді білмейтінге мемлекеттік қызмет бермеу керек. Ол бұл қызметке әлі дайын емес, оның өзі азаматы болып табылатын елдің Ата заңын, мемлекеттік тілін, ел иесі – ұлтты сыйлау сезімі оянбаған. Ол – шектеулі ғана қабілеттегі менмен адам. Ол бұл елді Отаным деп сезінбейді. «Уақыт керек» деген сөз – алдамшы сөз. Сондықтан да мемлекеттік тілді білу – қажеттілік екенін насихаттаудың маңызы зор. Көбінесе, неге екені белгісіз, мемлекеттік тілге байланысты ісшаралар мен үгіт-насихат жұмыстары қанымызға қатысты «Наурыз мейрамы» мен «Қазақстан халықтарының тілдері» күндері ғана аталып өтіп, «жетім қыздың тойын тойлағандай» күй кешеді де, артында бәрі ұмытылады. Ал шын мәнінде, үгіт-насихат жұмыстарының қордаланып қалған тіл мәселесін шешуде септігін тигізери сөзсіз.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өз-өңе сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, жан-жақты адам ретінде қалыптастыруда ана тілінің атқарар қызметі зор. Олар өз тілін жетік білмейінше халқымыздың сырлы да сазды әуенін, ертегі, аңыз, қилы-қилы сырға толы дастандарын, сөз маржаны – мақал-мәтелдерінің мағынасын түсінуі, одан фибрат алуы мүмкін емес. Сондықтан да біз Жаңа Қазақстанда, өмір жаңарған, мазмұн жаңарған тұста ана тіліміз – қазақ тілінің өркенін өсірер жаңа істер атқаруға тиістіміз әрі міндеттіміз. Күнделікті сабақ барысында тіл қағидаларын оқытуға ғана назар аударып қана қоймай, қосымша материалдар арқылы

қазақ халқының әдеп ережелерінен бастап, мәдениет, өнер, сөз тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі, адамгершілік қасиеттері, ұлы адамдар өмірі, мамандыққа сәйкес түрлі атаулар сыры мен әр түрлі мәтіндерге, тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл өскелең ұрпаққа тек тілді ғана менгертіп, үйретіп қоймай, ана тілі арқылы нағыз патриотты тәрбиелеуде де үлкен септігін тигізери сөзсіз. Қазақ халқының мәдениеті, өнері, ақын-жазушылары, музыкалық аспаптары, зергерлік бұйымдары туралы материалдар жинақтап, бұд материалдарды күнделікті сабақ барысында қолдану арқылы жас ұрпақтың жастардың ұлттық санасы, сезімі мен өзін-өзі тануы, рухани қалпы шындалады.

Тілдік орта болмаса, он жерден оқысаң да нәтиже шықпайды. Өйткені, тілді менгеремін деген адам күнделікті қазақ тілінде сөйлемесе, ол оқығанын ұмытып қалады. Әрине, оқы, оқы дегенмен қазақ тілінде сайрап кеткен өзге ұлт өкілдерін кездестіру қиын. Сондықтан оқытудан басқа мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, қызметкерлердің қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оны оқып-үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру бірінші кезекте болғаны абзал. Бірақ көп жылғы қатып қалған тонды жібіту оңай емес. Десек те, ана тіліміздің толыққанды мемлекеттік тілге айналуына атсалысуымыз баршаның борышы болуға тиіс. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деп М.Әуезов айтқандай, Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Оны білмеу – өзімізге сын! Мен осынау мақала-үндеуімді Приозерск қаласында балалар мен жасөспірімдерге тәлім-тәрбие берумен айналысып жүрген барша әріптестеріме, ұстаздар мен тәрбиешілерге, мемлекеттік қызметкерлер мен жастар өкілдеріне, аймағымыздың ұлтжанды азаматтарына арнаймын! Төл тіліміздің абырой-беделін арттырып, Алаш арыстары аңсағандай, армандағандай барлық қазақстандықтардың қажеттілігіне айналыдыру жаңа қазақстандық буынның басты міндеті, парызы һәм қарызы болуы тиіс!

Жамила ШАЛТИЕВА,
«Балақай» бөбекжайының
тәрбиешісі

МАҢЫЗДЫ СҰҚБАТ!



ИНДЕТ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Баспасөз ақпараттық құралдары және әлеуметтік желілер арқылы Covid-19 вирусының әлем бойлап қайтадан белең ала бастағаны туралы ақпараттардан барша халық хабардар деп ойлаймыз. Науқасқа шалдыққандар санының күн санап артып жатқаны да көңілге кірбің ұялатады. «Басты байлық – денсаулық», «Сақ болсаң – сақтаймын!», демекші, ендігі жерде көпнен кенге салған жайбарақаттықтан арылып, қауіпсіздік шараларына қайта көңіл бөлген дұрыс секілді. Елорданың сары аймаққа енуі де бұл сөзімізді дәлелдей түссе керек. Осындай маңызды мәселеге байланысты Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы РММ басшысы Өнербекова Гаухар Серікқызымен сөйлесіп, сұқбат алған едік. Осы сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

Тілші: Қазақта «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» деген мақал бар. Осы мақал мынау жұқпалы да, қатерлі де дертті мензеп тұрғандай. Жұрт біраз ес киып, босансып қалып еді, Covid-19 тағы да жағанды алды ма?

Г.Серікова: Ағымдағы жылғы маусым айының соңғы күндерінен бастап корона-вирус сырқатымен ауырғандар саны қайра өсіп келеді. Қазіргі таңда Қарағанды облысы «жасыл» аймақта. Соңғы тәулікте

облыс көрсеткіші бойынша 165 корона-вирус жағдайы тіркелген. Приозерск қаласы аумағы бойынша бүгінгі таңда санитариялық эпидемиологиялық жағдайы тұрақты, дегенмен тіркелген сырқаттанушылық бар, яғни осы жылдың басынан алатын болсақ, 73 ауырғандар саны тіркеліп отыр. Осы шілде айының үлесінде 6 жағдай. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 3 жағдай, ересектер арасында сараптама жолмен анықталған 3 жағдай тіркелді. Бұлардың барлығында симптомдық белгілерімен. Кейінгі уақытта 14 жасқа дейінгі балалар арасында аурушандық жиілеуде. Халықтың жүріп тұруын ескере келгенде «Омикрон»штаммының айналымы күшейген.

Тілші: Ақпараттардан есітуімізше, жаңа штам туралы жақсы сөз айтып жатқан жоқ. Бұл дерттің бұрынғылардан қандай айырмашылығы бар? Мұнымен қалай күресеміз? Халық нені ескерулері керек?

Г.Серікова: Жаңа штамм тез таралып, яғни жұқпалығы өте жоғары деңгейде. Тыныс алу жолдарында «Омикрон» өте тез көбейеді. Сондықтан, осы жұқпалы науқастың әрі қарай таралмауын болдырмау және ұжымдық иммунитет қалыптастыру мақсатында корона-вирусқа қарсы екпе алуға және ревакцинация алуға, сонымен қатар қайталау ревакцинациясын алуға шақырамыз. Осы жылдың 25-мамырдан

бастап облыс аумағында қайта ревакцинация жүргізіліп жатыр. Қала аумағында маусым айының 11-жұлдызынан бастап ревакцинация алғаннан кейін, 6 ай аралығында қайта ревакцинациялау басталды. Ревакцина алу тіпті ауырған сәтте де оны жеңіл түрде өткізу, асқынуды болдырмауын қамтамасыз етеді! Ауруды емдегеннен гөрі, оны алдын алу жолын қарастырайық

Тілші: Covid-19 вакцинациясы не үшін қажет?

Г.Серікова: Covid-19 вакцинациясы Covid-19 тудыратын вирустың жұқтыру және таралу қаупін азайтуға мүмкін. Вакциналар сонымен қатар аурудың ауыр ағымын және Covid-19 өлімінің алдын алуға көмектеседі. Қазақстанда қолданылатын вакциналар тиімді және қауіпсіз, 12 жастан асқан барлық адамдарға қолжетімді. Халықаралық зерттеулердің деректері бойынша ревакцинация иммундық реакцияны күшейтіп, иммундық жауаптың жоғарылауымен адамдарда Covid-19 инфекциясынан қорғаныс жақсартады.

Сонымен қатар, барлық адамдарға аса қажет болмаса, көп адам жиналатын орындарға бармауға, барлық шектеу ұсыныстарын орындауға шақырамыз, яғни автокөліктерде, пойыздарда, басқа авиажолдарда бетперде киіп, ара қашықтық сақтап, қолды үнемі таза ұстау, сақтанып

жүруге, аурудың алдын алуға шақырамыз!

Тілші: Мазмұнды әрі тұрғындар үшін аса қажетті сұқбатыңыз үшін рахмет! Біздің мақсатымыз – сіздің ақыл-кеңесіңізді газетіміздің оқырмандарына, қала тұрғындарына дер кезінде жеткізу!



Нурғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«ӘРКІМГЕ ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!»



Еліміздің Конституциясында мүгедектерге қоғаммен етене араласу үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқығы тайға таңба басқандай белгіленген. Ол туралы мемлекет басшысы өз Жолдауында да нықтап көрсеткен. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша көңіл бөлініп келеді. Олардың әлеуметтік жағдайын жасаудан бастап күнделікті қажеттерін өтеуі үшін көмек көрсетіледі. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнап түрлі оқу курстары ұйымдастырылған. Арнайы бос орындар жәрменкелері де ұйымдастырылып тұрады. Мұның барлығы мүмкіндігі шектеулі жандардың өздерін қоғамнан тыс сезінбеулері үшін жасалуда.

Дегенмен, мүгедектердің жүріс-тұрысында қиындықтар туындайтыны жасырын емес. Олар шығып-түсетін пандустары қаламыз бойынша алып қарағанда, барлығы талапқа толық сай келеді деуге болмайды. Мұны алысқа бармай-ақ қаламыздағы түрлі нысандарды аралап көріп, көз жеткізуге болады. Жалпы, Приозерск қаласында екі жүзге жуық мүмкіндігі шектеулі жан тіркелген. Олардың арасында мүгедектер арбасына таңылғандары да бар. Өкініштісі сол – мүгедек жандардың қала ішінде емін-еркін жүріп-тұруы

қиындай түскенін жасыра алмаймыз. Тосқауылдар баршылық. Ең бастысы – пандустың талапқа сай болмауы.

Елімізде жол картасының іске асыру шеңберінде «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» атты ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін кедергісіз қолжетімділік жасау мақсатында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарын бейімдеу бойынша Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының тапсырмасына сәйкес, Приозерск қаласында да аталған мәселеге мейлінше мән берілуде. Осы аптаның 12-шілдесі күні Приозерск қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Рахима

Есенаманқызы Ахметова, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселесі бойынша кеңесшісі, ҚР журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің маманы Қайрат Нұрланұлы Қайырғалиев және Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшісі Фатима Орынбайқызы Жамбылбаева қаладағы басты назарда тұрған бірнеше маңызды нысандардағы пандустардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолайлылық жағдайын тексерді. Атап айтқанда Приозерск қаласының мемлекеттік архивінде, Халыққа қызмет көрсету орталығында, «Болашақ» және «Хан» сауда дүкендерінде болған тексеруші топ мүшелері осынау нысандардағы атқалылған және кемшін тұстары бар пандустардың жағдайын нысандар иелеріне көрсетіп, заң талаптарына сай қалыпқа келтіру бойынша тиісті кеңестер және тапсырмалар беріп, жөнге келтіріп, реттеудің уақытын белгіледі.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Атаулы әлеуметтік көмек кімге беріледі?



Ең төменгі күнкөріс деңгейі және кедейлік шегі. Атаулы әлеуметтік көмек әрбір отбасы мүшесінің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-інен төмен адамдарға тағайындалады.

2022 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 40897 теңгені құрайды. Сондықтан бір адамға шаққанда айына 28 628 теңге төленеді.

Егер 2022 жылдың 2 тоқсанындағы отбасының табысы бір адамға шаққанда айына 28 628 теңгеден аз болса, онда мұндай отбасы осы отбасының барлық мүшесі үшін атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш бере алады.

Атаулы әлеуметтік көмек көлемін әр адамға қатысты жеке есептейді. АӘК мөлшері кедейлік шегі мен отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы арасындағы айырмашылықты құрайды, яғни 28 628 теңгеден отбасының бір адамға шаққандағы орташа табысын шегеру қажет. Кейде отбасының әрбір мүшесіне 1000 теңге немесе 20 теңге, тіпті 1 теңге атаулы әлеуметтік көмек тиесілі болуы мүмкін.

АӘК алатын отбасындағы 1-6 жас аралығындағы балаларға ай сайын азық-түлік және гигиеналық заттар жинағы беріледі

1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған тұрмыстық химия құралдарының ай сайынғы жинағына тіс пастасы, тіс щеткасы, гипоаллергенді сабын, сусабын, жақпамай, кір сабын және кір жуғыш ұнтақ кіреді.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасындағы 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға азық-түлік және тұрмыстық химия жинақтары берілмейді. Бірақ білім және ғылым министрлігінің басқармалары мен бөлімдері оларды

мектепке қажетті барлық жабдықпен қамтамасыз етеді.

Біріншіден, бұл балалар мектепте күнделікті тегін тамақтануға құқылы болса, екіншіден, олардың қоғамдық көлікте жүру құнының 50 проценті өтеледі.

Сонымен қатар балаларға мектеп формасы және мектепке қажетті құралдар беріледі (жылына бір рет).

**АӘК кімге берілмеуі мүмкін?**

Атаулы әлеуметтік көмек шартты және шартсыз ақшалай көмек түрінде тағайындалады. Шартты ақшалай көмек отбасында еңбекке жарамды адам болған жағдайда тағайындалады.

«Алты ай ішінде жұмысқа тұрудан бас тартқан жағдайда барлық отбасы мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек беру тоқтатылады. Ол тұрмысы төмен отбасыға жатпайтын, көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға, учаскелік комиссияға сәйкес атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж емес адамдарға тағайындалмайды.

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ кеңесші-маман Ұ.Ағабек

Уважаемые жители города!

Если у вас есть замечания, заявления, жалобы, предложения по работе, проводимой в городе. Свяжитесь с нами по электронной почте (Priogazeta@mail.ru). Со своей стороны, мы оказываем содействие местным исполнительным органам в положительном решении данных вопросов.

Хабарландыру

Құрметті қала тұрғындары! Қоржынтүбек дүкенінде ет бөлімі ашылды. Ет өнімімен қатар дүкенде қымыз, шұбат, ірімшік және шербет сатылады. Сіздерді біздің дүкенде күтеміз!

Объявление

Уважаемые жители города! В магазине коржынтубек открылся мясной отдел. Наряду с мясной продукцией в магазине продаются кумыс, шубат, сыр и шербет. Ждем вас в нашем магазине!

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арқо" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №3/3, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.